

"Қосымша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету туралы" Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 521/75-IV шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 433/61-V шешімі . Астана қаласының Әділет департаментінде 2016 жылы 12 қаңтарда № 991 болып тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 170/21-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 20.07.2017 № 170/21-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексінің 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ** :

1. "Қосымша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету туралы" Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 521/75-IV шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 30 желтоқсанда 707 нөмірмен тіркелген, 2012 жылғы 7 қаңтарда № 2 "Астана ақшамы", 2012 жылғы 7 қаңтарда № 2 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) "Қалқанша безінің медуллярлы ісігі" ауруына дәрілер, "Вандетаниб" препараты".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихаты

сессиясының төрағасы

Астана қаласы

мәслихатының хатшысы

Қ. Құлмұқанов

С. Есілов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Астана қаласының

Денсаулық сақтау

басқармасы" (ДБ) мемлекеттік

мекемесінің басшысы

Э. Байжүнісов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК